



## Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі қызметкерлерінің өкілдік керек-жарағының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1170 Қаулысы.

### Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі қызметкерлерінің өкілдік керек-жарағының кейбір мәселелері туралы

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңының 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 586 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналарға:

1) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлеріне - 4 (төрт) лауазымдық жалақы, бірақ 300 (үш жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын;

2) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қызметкерлеріне - шетелдік валютадағы лауазымдық жалақысының 50 пайызы мөлшерінде өкілдік керек-жарақ құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысы белгіленсін.

3. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 29 қарашадағы  
N 1170 қаулысымен  
бекітілген

### Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі қызметкерлерінің өкілдік керек-жарағы туралы ереже

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 586 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК